

References

- 1 Altynsarın Y. Qazaq hrestomatiasy A., Bilim, 2003.-112.
- 2 Moldaǵaliev J. Taza bulaq. Roman. A., jazýshy, 1984.-344.
- 3 Altynsarın Y. Tańdamaly shyǵarmalary A., Qazaqstan, 1995.-125.
- 4 Eleýkenov Sh. Zamandas parasaty. Ádebi syn. A., Jazýshy, 1977.-300.
- 5 Áýezov M. Jıyrma tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. 16 t. 1985.-400.
- 6 Sadyqova A.T. Qazirgi qazaq ádebiyatindegi tarihi tulǵalar bemesiniń somdalýy // H.Dosmukhmedov atyndaǵy Atyraý memlekettik ýniversitetiniń Habarshysy, 2018, jeltoqsan, №4 (51), - 137

Information about authors:

Gulzira Ayapova, Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer of the Kazakh language and literature chair of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan, e-mail: aiapova-1969@mail.ru

Aziza Muhitova, student of the Kazakh language and literature chair of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan

FTAMP 03.09.31

Ә.О.Турдалиев¹, Р.И. Шәудірбаев²

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

²КММ «Кешкі жалпы орта білім беретін мектеп»
Ақтау қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: shaudirbaev65@mail.ru

МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІ ПІРӘЛІ ХАН ТҰСЫНДА

Мақалада Маңғыстау өңіріндегі тарихи оқиғаларға зерттеулер жүргізіліп, өзіндік көзқарастар тұрғысынан зерделенген. Маңғыстау өңірін зерттеу, аумақтың қазақ тарихындағы алатын орны, мемлекеттілігіміздің қалыптасуына тигізген өзіндік ықпалы, қай кезде де тарихшылар мен тарихты сүйетін қауымның қызығушылығын туғызған. Осылай бола тұрса да, аталмыш тарихи оқиғалар олардың жүру барысы мен ықпалы өте аз зерттелген тарихи объектілерге жатады. Ұланғайыр аумақты алып жатқан Маңғыстау жерін мекендеген Адай руының өзіндік тарихының ерекшелігі түрлі тақырыпқа бастау бола алады. Адайлардың Маңғыстау жеріне келіп түрікмен тайпаларын ығыстырып орналасуы, өрісі тарылған түрікмендер Астрахань губернаторы арқылы Ресей патшасынан өздеріне қамқор болуды өтініп, қайта-қайта елші жіберді. Ресей патшасы ол тілекті қабыл алып, Маңғыстау түрікмендеріне Нұралы ханның ұлы Пірәліні хан етіп тағайындайды. Бірақ әуелден еркіндік сүйетін, хандық билікті мойындамайтын Адай руын бағындыруға Пірәлі ханды лайық көріп, түрікмендерге хан етіп тағайындаған. Мақалада Маңғыстау мен Түрікмения өңіріндегі қазақ ханы Пірәлінің ел басқарған тұсында орын алған тарихи оқиғалардың арадағы өзара байланысы туралы баяндалады.

Негізгі сөздер: Маңғыстау, Түрікмен, Пірәлі хан, Ресей империясы, Өңір, Тайпа, Адай, Түрікмен рулары, Огры, Делі, Меңлікөжа, Құрбан, Астрахань генерал-губернаторы, Бозашы түбегі, Орынбор қаласы.

«Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кетті» делінетін киелі Маңғыстаудың 1750-1850 жылдар аралығындағы негізгі тұрғындары құрамы қазақ, түрікмен халықтары болды. Жоңғар қалмақтарымен соғыста Жайықтың батыс бетіндегі ежелгі ата-мекенін азат еткен алмаған қазақ қолы, осыған дейін қалмақ боданы болып, қазаққа қарсы қару көтерген Маңғыстау түрікмендеріне ұрыс қимылдарын

бастады. 1742 жылғы шабуылда Арал мен Каспий аралығындағы аумақты біржола иеленген адай жұрты, одан кейінгі жылдары біртіндеп батысқа ілгерілеп, жаңа жер аумақтарын иелене бастады. Әуелі Бозашы түбегін жаулап алып, одан әрі Маңғыстауға қарай ат басын бұрып, ол жерлерді жайлаған түрікмен руларын ығыстыра бастады.

Маңғыстауды мекен еткен түрікмендердің Есен елі – абдал, шәудір, арабашы, бұрыншық рулары іргедегі Хиуа, Қоқан, Қоңырат, Үргеніш арасындағы шапқыншылықтар мен хан талауынан әбден запы болған Маңғыстау түрікмендері, Кіші Жүз рулары орыс патшасына бодан болғаннан кейін, 1744 жылы орыс үкіметінен сауда қаласын салып беруді сұрапты. 1767 жылдың 12 маусымында түрікмен билері мен батырлары өз қарамағындағы ауылдарды Ресейдің қол астына алуды өтінеді. Түрікмен ауылдарының бір бөлігі Астрахань жеріне қоныс аударады да, қалғандары Балқан түбегіне қарай көшеді. Ол кезде Маңғыстауда орыс қамалы ірге көтермеген болатын. Маңғыстау орыс картасына Қоқан жері белгіленді [1,б.6]. Өрісі тарыла бастаған түрікмен басшылары Астрахань генерал-губернаторы арқылы байланыс орнатып, дипломатиялық жолдармен Ресей патшасынан өздеріне қамқор болуына сөз салып, қайта-қайта елші жібереді. Көктен тілегені, жердер табылып, Каспий шығысындағы кең даланы, одан әрі Орта Азия хандықтарын отарлауды көздеген Ресей патшасы түрікмендердің өтінішін қабыл алып, Маңғыстау түрікмендерінің басшысы ретінде Нұралы ханның екінші ұлы Пірәліні (Пірғалиды) хан етіп тағайындайды.

Әкесі Нұралының хан кезінде 1751-1754 жылдары патша Орынбор қаласында аманатта болып, орысша білім алған Пірәлі, император І Александр Орынбор қаласына келгенде оның қабылдауында болып, патшадан қалада мұсылмандар үшін мешіт салуға өтініш жасаған екен. Патшаның Пірәлінің өтінішін қабыл алуы, оның патшаның сенімді адамы болғандығын білдірсе керек. Пірәліні орыс патшасының қолдауы, Маңғыстаудағы хандық билікті одан әрі күшейтуден туындады.

1801 жылы 21 желтоқсанда І Александр патша атына, Астрахань жеріне қоныс аударған түрікмен ауылдары мен Маңғыстау игі жақсылары атынан 33 ру ақсақалы қол қойып, мөрлерін басып, жазған хаттарында, Орынборда тұрып түрікмендерге сырттай басшылық жасап келген Пірәлі сұлтан, «түрікмендерге адал, жағымды басшы болып отырғанын» - мәлімдеген [2,п.105].

Алғашқыда Маңғыстаудағы түрікмендердің Оғры, Делі, Меңлікөжа, Құрбан рулары ғана Ресей боданы болса, уақыт өткен сайын олардың қатары еселеп артып, саны біртіндеп көбейе түсті. 1801 жылдың аяғында Дәулет Мұрат молда, Ералы бек басшы болып отырған ауылдарда орыс патшасы І Александрға бодандыққа алуды өтініп хат жазып, Пірәлі хан жасақтаған түрікмен елшілігі Орынбордан Петербургке жол тартқан.

Нәтижесінде, 1802 жылдың 9 мамырында І Александр патша ағзам осыған дейін, Орынборда тұрып түрікмендерге сырттай басшылық жасап келген Пірәлі сұлтанды, Ресей қарамағына өткен бүкіл Маңғыстау түрікмендерінің ханы ретінде тағайындаған жарлығына қол қойды. Пірәлі ханды таққа отырғызу салтанаты шарасы 4-14 желтоқсанда 1802 жылы Орынбор қаласында өтіп, ел тарихындағы елеулі саяси оқиға болды [2,п.115].

Иннагурация салтанатында Маңғыстауды мекендейтін түрікменнің Абдал, Бұрыншақ, Шәудір, Егдір, Бозашы руларының ақсақалдары І Александр патшаға

өз хандарына адал болатындықтарына ант беріп, сенім білдірген. Сол тұста, Пірәлі хан қол астында Маңғыстау түбегінде 4800 түрікмен отбасы болды. Осыншама ел мен жер аумағын қолды қылған патша өкіметі, арадағы қатынастарды жандандыру мақсатында, бодандық қабылдаған түрікмендерге, Астрахань қаласына келіп емін-еркін сауда жасауына, Каспий теңізінде ешбір кедергісіз балық аулауына ерік берген. Оның қайтарымы, жасаған жақсылықтың өтемақысы үшін түрікмендер Хиуаға бағытында, Маңғыстау арқылы өтетін орыс керуендер мен теңіздегі орыс балықшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс болды.

Адай руы бір шеті Маңғыстауды қыстап, Каспий мен Арал теңіздері арасындағы ен далада көшіп жүретін. Қазақтың Әбілқайыр ханы мен Ресей патшасының арасындағы қағаз жүзіндегі келісімі бойынша қазақтар Ресей боданы бола отыра, мал өрісі жерлері мен жайылымдары үшін Хиуа ханына кіріптар болып, аздаған мөлшерде салық төлегенімен, өздерін тәуелсіз елміз деп санап, емін еркін көшіп қонып жүрген. Маңғыстау қазақтары, өзге қазақ ауылдары сияқты Орынбормен екі арада шаруашылық үрдісімен көшіп-қонып жүргенімен, негізінен, Хиуа, Қоқан хандарының ықпалында болды. Салықтардың барлық түрлерін соларға төлеп тұрды. Хиуа ханы Маңғыстаулықтарды ықпалын жүргізе отыра, оларды өз қажетіне пайдаланып, өзінің басты қарсыласы Бұқар әмірі мен орыс елімен екі араға қатынайтын керуендерін тонатты. Соның ішінде керуендердің қазақ даласында тонауы, бірқатар ру басыларының Хиуаның ықпалында кетуі қазақтарға жақсы ат әкелген жоқ [3,б.63].

Қоңсы отырған түрікмендердің орыс бодандығына өтуі, Адай жұртына мүддесіне қайшы келіп, түрікмендердің орыс әскерлері қолдауымен қазақ жұртына қысымы, оның үстіне түрікмен мүддесін қорғаған 1803 жылдан ресми хан тағына отырған Пірәлі ханның саясаты да жағдайды ушықтыра түсті.

Орыс үкіметінің Маңғыстау даласы арқылы немесе Каспий теңізі арқылы Орта Азия мен Парсы жеріне, онан әрі Ауғанстан мен Индияға шығуды көздеген мақсатына байланысты Маңғыстау, Маңғышлақ сөздері экспедициялардың есепті жазбаларында жиі аталатын болды. «XIX ғасырдың басында қазақ рулары Маңғыстауға дендеп орныға бастайды. Орынбор губернаторы князь Г.С.Волконскийдің қазақтардың саны туралы 1803 ж. ақпaryнда 10 мың үй шамасындағы адай руының көшіп-қонуы Орал облысы мен Хиуа арасы деп көрсетіледі. Осы кезде бұл көшпелі ру Жем сағасын, Сам, Асмантай – Матай құмдарына қоныстанған» [1,б.6]. Ежелден еркіндік аңсап, сол бағытынан танбаған Адай жұрты бодандыққа мойын ұсынбағандығы, орыс империясының Орта Азияға барар жолда өзіндік тосқауыл болды. «Түздіктердің ержүрек, жауынгер тайпасы Адайлардың орысқа бағынбауы, Орта Азия хандықтарын Ресейдің отарлауынан 150 жыл бойы сақтап тұрды», - деген неміс философы Ф.Энгельстің сөзі бекер айтылмағанды [3,б.62].

Осы себепті таршылдық саясатты жүзеге асыру мақсатымен, патша өкіметі Пірәлі ханды өз жұртына қарсы пайдаланып, орыс империясы саясатын жүзеге асыруға пайдаланды. Әрине, ел жақсылары бұл китүрқы саясаттың астарын түсініп, ханға мейлінше қарсылық көрсетті.

Арада жергілікті қазақ жұрты мен Пірәлі хан арасында алауыздық туып, жағдай мейлінше шиеленісе бастады. Ал түрікмендерге келер болсақ, Пірәлі ханның қазақтарға тоқтау салмай отырғандығы жөнінде, патша әкімшілігіне арыз-

шағым жазумен болды. Хан екі оттың арасында қалып, жағдайдың шиеленіскені сонша, 1802 жылы керуенбасылар Құдайшүкір, Баба, Құдайназар, Бекназар қазы, Мұхамед қазылар Сыртқы Істер Министріне Пірәліге бағынбайтындығын білдіріп хат жазды. Пәленің қайдан, қалай шығып отырғанын сезген І Александр патша, 6 сәуір 1803 жылы Орынбор әскери губернаторына «Маңғыстау түрікмендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» бұйырып, губернатор арқылы Пірәлі ханға қатаң ескерту жасап хат жолдады.

Сағы сынып, қауіптеніп қалған Пірәлі хан өзіне төнген патша қаһарын жеңілдетпек болып, Петербургке Маңғыстаудың алтын, күміс, күкірт кеніштері туралы хабарлайтын арнаулы елшілік жасақтап хабар салды. Пірәлі ханның бұл саяси амалы, патша тарапынан жақсы қабылданып, оған әскери, қаржылай, азық-түлікпен көмек берілетіндігі жөнінде хабар келді. Патша ағзам бұйрығымен Ішкі Істер Министрлігі арқылы Астрахань губернаторына Маңғыстау түрікмендеріне астық сатуға тапсырма берілді. Сонымен бірге, Мемлекеттік канцлер Маңғыстаудан барған елшілерге арада сауда байланысын күшейту туралы хат жазды. Жағымды хабар алып желпінген, түрікмен басшылары оған жауап ретінде, Маңғыстауда орыс әскери қамалын салуын қолдайтындықтарын білдіріп, оның артынша түрікмендердің Ресей жағында Иранға қарсы соғысуға әзір екенін білдірді.

Ресей патшасының қолдауына сүйенген түрікменде адай руларына қарсы шабуылдарын үдетті. Адайларда түрікмендерге қарсы амалдар жасап, олардың малдарын барымталауды жиілете түсті. Адай жұрты қысымына шыдай алмаған оңтүстік Маңғыстауды, Үстіртті мекендейтін көп түрікмен ауылдары Хиуа хандығына қарай көшуіне мәжбүр болды. Ал Солтүстік –батыс жағалауды мекендейтін түрікмендердің ондай көшуге мүмкіндіктері болған жоқ. Өйткені, жолды қазақтар басып алып, жағдайды қиындата түсті. Амалы құрыған түрікмендер, бас сауғалап, орыс патшасынан пана сұрауға мәжбүр болды. Адайлардың алған бетінен қайтпайтындығын сезген орыс патшасы оларды Астрахань губерниясы аумағына қоныстандыруға нұсқау беріп, шаралар алуды бұйырды. Осы мәселе бойынша Астрахань азаматтық істер губернаторы С.Андреевскийдің Кавказдағы патша өкіліне жазған мәлімдемесінде, «бұл көші-қонның себебі, оларға көрші отырған адай халқы, топ-топқа бөлініп, тонаумен айналысуда» - деп көрсетеді [4,п.95].

Сөйтіп, түрікмендердің алғашқы көші су жолымен Каспийдің келесі бетіне қарай беттеді. Маңғыстауда олардың малын сатып алудың мүмкіндігі жоқтығынан, патша үкіметі арнайы кемелер бөліп, малдарында тасып берді. Барған түрікмендер Ставрополь өлкесіне қоныстандырылды. Осылайша, Кавказда түрікмен диаспорасы пайда болды. Кейін олардың қатары Маңғыстаудан барған түрікмендермен, Нарыннан ығысқан қалмақтармен бірге, Еділ асқан түрікмендермен толығып, орыс империясы қызметіне алынып, Жайық казачествосы әскері сапын толықтырды. Жайық казачествосының негізгі тобы: ресейліктер, татарлар, қалмақтар, түрікмендер, парсылар, шоқынған қазақтар тағы басқалармен толықты. Орыс тарихшысы А.Рябинин, "қазақтарды казак-орыстар әскері құрамына алу көп жағдайда оларды шоқындыру арқылы жүзеге асырылды" [5,б.31]- деп атап көрсетеді. Әскер құрамына алынған соң қазақтардың аттары өзгертілген, сондықтан да, олардың есімдері әлі күнге белгісіз қалыпта болып келеді. Мәселен, Орынбор облысында XIX ғасырдың орта шенінде казачество

спында 838.365 адам болды. Оның 764.406-сы қазақ болса, орыс, қалмақ, башқұрт, түркмен тағы басқа халықтар саны 63957 адам болған [6,С.136].

Қорыта келе, патшалық Ресейдің Маңғыстауда дербес түрікмен хандығын құрған мақсаты - оларды қазақтарға қарсы қойып, бауырлас екі халықты атыстырып-шабыстырып ұстау болғандығында күмән жоқ еді. Мұндай зымиян саясатына барысында, ресей патшасы өкіметі түрікмендерге көптеген артықшылықтар беріп, қалмақтарға көрсеткен қолдау шараларын көрсетіп, басқа халықтардың қолымен от көсеу саясатын қолдануға ұмтылды. Бірақ ол саясат жүзеге аспады. Қарауындағы халқынан айырылған, әрі Адайлардың тегеурініне төтеп бере алмаған Пірәлі хан Маңғыстаудан өз еркімен кетуге мәжбүр болды. 1821 жылдан бастап “Кавказ бұратана халықтары басқармасынан” бөлініп шыққан Астрахань өңірі қазақтары, ноғайлар, түркімендер “Мұсылмандар халықтары басқармасы” қарамағына енгізіліп, басқарманы бас пристав басқаратын болған [7,б.168].

Осылайша, Маңғыстау түбегіндегі соңғы хандық билік аяқталды. Түбек біржола қазақ билігіне өтті. Бұл өзді-өзі болғалы өріс, жері мен қонысы үшін отаршылдыққа қарсы күрескен, мекен еткен жер аумағының шекарасын кеңейтуге талпынған Маңғыстау қазақтарының ең ірі және соңғы жеңістерінің бірі болды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Нұрмұханова Ж.Ж. Маңғыстау деген бұл аймақ. Алматы, 2012. 6 бет.
- 2 Ресей Федерациясының Сыртқы саясат Мұрағаты. 1-қ. 8-т. 2-іс. 105, 115 парақ.
- 3 Шәудірбаев Р.И., Турдалиев Ә.О. Туған жер – киелі ұғым ретінде. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау МУ Хабаршысы. №1(40) наурыз, 2016. 62-63 беттер.
- 4 Түрікмен-орыс қарым-қатынастары. АМН ТССР. Казан. 1968 г. С.95.
- 5 Турдалиев Ә.О. Жайық қалмақтары, Ресей империясы және қалмақтар. Қазақ тарихы. Журнал. № 4. 1994. 31 бет.
- 6 Рычков П.И. Топография Оренбургской губерний. Оренбург, 1887. С.136.
- 7 Турдалиев Ә.О. Қазақ-қалмақ қатынастары: арпалыс, ортақ тағдыр, тарих тәлкегі. Атырау, 2013. 168 бет.

МАНГИСТАУСКАЯ ОБЛАСТЬ ПРИ ПИРАЛИ ХАНЕ

В данной статье рассматриваются взаимосвязи исторических события на территории Мангистау и Туркмении во время правления казахского хана Пирали над туркменами. Изучение Мангистауской области, а также роль региона в истории Казахстана, ее влияния на формирование нашей государственности всегда интересовало группы историков и историков-любителей. Тем не менее, эти исторические события входят в категорию исторических предметов исследований, ход и влияние которых мало изучены. Своеобразная история племени адай, населяющего необъятную территорию мангистауской земли, может стать источником различных тем для изучения. Прибытие адайцев в Мангистау, с последующем смещением туркменских племен за пределы региона, привело к тому, что туркмены неоднократно отправляли через губернатора Астрахани посланников, прося русского царя взять их под опеку. Царь России согласился выполнить эту просьбу и назначил Пирали, сына Нуралы хана, ханом мангистауских туркмен. Однако с самого начала, свободолюбивое племя Адай, не подчинявшееся царскому правительству, не признало власти Пирали-хана которому предоставили его должность по просьбе туркмен. В статье описывается взаимосвязь исторических событий, имевших место во времена правления казахского хана Пиралы в Мангистауской области и Туркменистане.

Ключевые слова: Мангистау, Туркмен, Пирали-Хан, Российская Империя, Регион, Племя, Адай, Туркменские племена, Огры, Дели, Менликожа, Курбан, Генерал-губернатор Астрахани, полуостров Бузачи, Оренбург.

MANGISTAU REGION UNDER PIRALI KHAN

This article is considered the interrelations of historical events in territory of Mangystau and Turkmenistan during of khan Piralı above Turkmens.

The study of the Mangystau region, as well as the role of the region in the history of Kazakhstan, its influence on the formation of our statehood, has always been of interest to groups of historians and amateur historians. Nevertheless, these historical events fall into the category of historical research objects, the course and influence of which has been little studied. The peculiar history of the Adai tribe, which inhabits the vast territory of the Mangystau land, can become a source of various topics for study. The arrival of the Adai tribesmen in Mangystau, with the subsequent displacement of the Turkmen tribes outside the region, led the Turkmens to repeatedly send envoys through the governor of Astrakhan to higher ups, asking the Russian tsar to take them under guardianship. The Tsar of Russia agreed to fulfill this request and appointed Piralı, son of Nuraly Khan, Khan of the Mangystau Turkmens. However, from the very beginning, the freedom-loving Adai tribe, which did not obey the tsarist government, did not recognize the power of Piralı Khan, who was granted his position at the request of the Turkmens. The article describes the relationship of historical events that took place during the reign of the Kazakh Khan Piralı in the Mangystau region and Turkmenistan.

Keywords: Mangystau, Turkmen, Piralı Khan, Russian Empire, Region, Tribe, Adai, Turkmen tribes, Ogy, Delhi, Menlikozha, Kurban, Governor-General of Astrakhan, Buzachi Peninsula, Orenburg.

References

- 1 Nurmuhanova J.J. Mańgystaý degen bul aımaq. Almaty, 2012. 6 bet.
- 2 Resei Federatsıasynyń Syrtqy saıasat Muraǵaty. 1-q. 8-t. 2-is. 105, 115 paraq.
- 3 Sháýdirbaev R.I., Týrdaliev Á.O. Týǵan jer – kielı uǵym retinde. H.Dosmuhamedov atyndaǵy Atyraý MÝ Habarshysy. №1(40) naýрыз, 2016. 62-63 better.
- 4 Túrikmen-orys qarym-qatynastary. AMN TSSR. Kazan. 1968 g. S.95.
- 5 Turdaliev Á.O. Jaryq qalmaqtary, Resei imperıasy jáne qalmaqtar. Qazaq tarihy. Jýrnal. № 4. 1994. 31 bet.
- 6 Rychkov P.I. Topografiya Orenbýrgskoi gýberniı. Orenbýrg, 1887. S.136.
- 7 Turdaliev Á.O. Qazaq-qalmaq qatynastary: arpalys, orta q taǵdyr, tarih talkegi. Atyraý, 2013. 168 bet.

Information about authors:

Adilbek Turdaliyev, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Jurisprudence Chair, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan, e-mail: adilbek_1963@mail.ru

Rakhat Shaudirbaev, History Teacher, Evening secondary school, Aktau, Kazakhstan, shaudirbaev65@mail.ru